



«АЛҒА, ӘКЕ!»

Атырау мұнай өңдеу зауытының 80 жылдық мерейтойына орай қызметкерлер арасында жеңіл атлетикалық кросс марафоны мен арқан тарту сайысы ұйымдастырылды. Дәстүрге айналған шара Ретро парк аумағында өтті. Қалың тұман мен ауа райының қолайсыздығына қарамастан, 100-ге жуық қызметкер белсенділік танытты.

Алдымен төреші сайысқа қатысты ережелерді нақтылап өтті. Жарыс жолына бірінші болып марафоншылар шықты. Олар Ретро саябағынан бастап, Бейбарыс көпіріне дейін әртүрлі қашықтықта бақ сынасты. Сайыстың қарқынын сезінген қолдаушылардың қошеметі қатысушыларға ерекше күш-жігер берді.

Бұл күн жарқын эмоцияға, қуанышқа толы болды. Ұйымдастырушылар әзірлеген фуршет, ата-аналарына қолдау көрсеткен бүлдіршіндердің ұранды плакаттары спорттық шараға ерекше сән қосты. Кішкентай көрермен «Алға, әке!» деген плакатты қолына алып, әкесін қуанышқа бөледі.

«Отбасымызда бір-бірімізді қолдау баяғыда дәстүрге айналған. Әкешім – менің ең үлкен мақтанышым. Ол мен үшін бәрін жасайды, сондықтан мен де оны қуантқым келді. Мен бірге болған сайыстарда ол әрқашан жеңіске жетеді, ол батыр әрі мықты», – дейді Айзере Асылбекқызы.

Жеңіл атлеттер көрсеткен нәтиже

Әйелдер, 5 шақырым: I орын – Аружан Зинорова, орталық зауыт зертханасының химиялық талдау зертханашысы; II орын – Бибинур Кабдрахимова, Мұнай өндіру және

тасымалдау өндірісінің есепке алу жөніндегі операторы; III орын – Алтынай Лұқпанова, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі жетекші экономист.

Әйелдер, 10 шақырым: I орын – Марина Яшкова, Гидрогенизациялық процестер өндірісінің инженері; II орын – Айгуль Ищанова, есепке алу технигі; III орын – Галима Гизатуллина, әкімшілік бөлімінің басшысы.

Ерлер, 5 шақырым: I орын – Нұрболат Аралбаев, тарату желілерін пайдалану жөніндегі электромонтері; II орын – Саттибек Калимов, Мұнайды терең өңдеу өндірісінің технологиялық қондырғы операторы; III орын – Наурызсұлтан Жолдасов, Кокс және күкірт өндірісінің технологиялық қондырғы операторы.

Ерлер, 10 шақырым: I орын – Асылбек Темешев, Кокс және күкірт өндірісінің технологиялық қондырғы операторы; II орын – Дамир Сапаров, Мұнай өңдеу және терең күкіртсіздендіру өндірісінің технологиялық сорғы машинисті; III орын – Ерназар Қадірлі, Гидрогенизациялық процестер өндірісінің технологиялық қондырғы операторы.

(жалғасы 4-бетте)

Еңбегімен танылған
электромонтер



Голос, который не стареет

Профсоюз АНПЗ – надёжная опора коллектива

Профсоюзная организация ТОО «Атырауский нефтеперерабатывающий завод» на протяжении десятилетий остаётся неотъемлемой частью заводской жизни. Она объединяет тысячи работников, помогает им в трудные моменты, поддерживает в радостные дни и формирует атмосферу единства и солидарности.

В этом году в Казахстане отметили 120-летие профсоюзного движения. Сегодня Федерация профсоюзов РК объединяет более 2 млн человек и остаётся опорой трудящихся во всех отраслях.

В честь юбилея в октябре в Астане состоялось торжественное собрание Федерации профсоюзов РК, где чествовали лучших представителей движения. Среди приглашённых были **председатель профкома АНПЗ Галимжан Амантурлин** и **оператор ПГП Дастан Амангельдиев**, занявший почётное место на республиканском конкурсе «Лучший по профессии».

Первичная профсоюзная организация ТОО «АНПЗ» объединяет 3 229 человек: 2 358 работников, 746 пенсионеров, 108 сотрудников пожарной службы и 12 работников компании Gold Sunray.

Особое внимание уделяется безопасности труда. При профкоме действует производственный совет под руководством **директора ДП ОТ, ОС и ГЗ Еркина Сулейменова**, который совместно с отделом безопасности проводит мероприятия, обучающие программы и инспекции.

Технические инспекторы профкома под руководством **заместителя начальника службы по БиОТ Айбека Салимгереева** работают во всех подразделениях, контролируя санитарные условия, обеспечение СИЗ, качество питания, проведение инструктажей и выполнение требований законодательства.

Завод традиционно демонстрирует высокие показатели по безопасности: несчастных случаев и профзаболеваний на АНПЗ не допущено, а все цели по БиОТ выполнены в полном объёме.

В 2023 году профсоюз АНПЗ был признан Лучшей профсоюзной организацией – лидером в сфере безопасности труда.



ГОД ПРИЗНАНИЯ И ЗАБОТЫ

Для заводского профсоюза 2024-2025 годы стали насыщенными событиями. Одним из ключевых стало 80-летие Атырауского НПЗ – юбилей, который профком отметил вместе с коллективом. Именно при его поддержке ветераны предприятия были командированы в Астану для получения высоких государственных наград – орденов «Парасат», «Құрмет», «Еңбек даңқы», медалей «Еңбек ерeнi үшiн» и благодарственных писем премьер-министра РК.

Высокие награды также получили многие действующие работники от министерства энергетики, ассоциации KazEnergy и отраслевого профсоюза.

Особое внимание в этом году было уделено бывшим работникам вспомогательных подразделений – детского комбината, ХАЦ, профилактория, стадиона и Дома культуры: для них проведено отдельное праздничное мероприятие.

КОЛЛЕКТИВНЫЙ ДОГОВОР – ОСНОВА СОЦИАЛЬНОГО ПАРТНЕРСТВА

Центральным инструментом взаимодействия между предприятием и профсоюзом является Коллективный договор, который охватывает ключевые во-

просы занятости, социальных гарантий, охраны труда и материальной поддержки работников.

В январе 2023 года на республиканском форуме Федерации профсоюзов РК Коллективный договор ТОО «АНПЗ» был признан лучшим в стране.

В документе не только сохранён весь существующий социальный пакет, но и введены дополнительные меры поддержки работников и пенсионеров, включая: ежемесячные выплаты работникам, воспитывающим детей с инвалидностью; материальную помощь детям умерших работников; увеличение доплаты к пенсии; поддержку пенсионеров на санаторно-курортное лечение и реабилитацию.

Коллективный договор на АНПЗ – это не формальность, а реально работающий механизм, обеспечивающий стабильность, защищённость и уверенность людей в завтрашнем дне.

Созданный в 1945 году, профсоюз АНПЗ стал надёжной опорой коллектива, и сегодня его миссия неизменна – сделать труд безопасным, а жизнь работников и их семей – достойной.

– **Главный принцип профсоюза АНПЗ – забота о человеке**, – подчёркивает **заместитель председателя профкома Бақыт Өтебалы**. – *Каждый член профсо-*

юза может рассчитывать на помощь в трудной ситуации: будь то болезнь, утрата близкого, пожар, стихийное бедствие или финансовые трудности.

Материальная помощь предоставляется работникам и пенсионерам на основе подтверждающих документов и заявлений, обеспечивая прозрачность и справедливость. Поддержка оказывается также инвалидам, многодетным и малообеспеченным семьям, детям с инвалидностью.

Традиционным стало проведение месячника «Забота», в рамках которого ветеранам и членам профсоюза оказывается дополнительная материальная помощь. Работники, посвятившие заводу более 40 лет, удостоиваются медали «Еңбек ардагері» и получают денежное поощрение.

ТРАДИЦИИ, СПОРТ И ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ

Профсоюз АНПЗ активно развивает корпоративную культуру и спорт. Регулярно проводятся турниры по волейболу, шахматам, шашкам, тоғызқұмалақ и бильярду среди работников и пенсионеров. Победители получают грамоты и денежные премии. Сборная АНПЗ ежегодно выступает на республиканской профсоюзной спартакиаде и традиционно занимает призовые места: в 2023 и 2024 годах команда стала абсолютным победителем.

Символом преемственности поколений является Хор ветеранов АНПЗ, которому в этом году исполнилось 35 лет. Коллектив – участник и призёр городских, областных и республиканских конкурсов. В честь юбилея все участники хора получили от профкома новые сценические костюмы.

Для пенсионеров ежегодно организуются праздничные мероприятия и благотворительные обеды, а также товарищеские турниры по игровым и интеллектуальным видам спорта.

В год 120-летия профсоюзного движения Казахстана коллектив АНПЗ с уверенностью может сказать: традиции солидарности, уважения к человеку труда и взаимопомощи не только сохранены, но и приумножены.

Профсоюз АНПЗ продолжает оставаться силой, которая объединяет поколения, поддерживает людей в сложные периоды и помогает заводу уверенно двигаться вперёд.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Еңбегімен танылған электромонтер

Зауыттың тоқтаусыз және қауіпсіз жұмыс істеуіне үлес қосатын мамандар қай кезде де мақтауға лайық. Сол себепті бүгінгі тақырыбымыз өндірістегі әр құрылғы үшін жауапкершілік арқалаған электромонтер жайында болмақ.

«Қызметке маман болып келу бір бөлек, жұмысыңды жауапкершілікпен орындау тіпті бөлек өңгіме. Кәсіпорынның дамуы жауапкершіліктен басталады. Сол үшін жұмысқа немқұрайлықпен қарау менің жанымға жат дүние», – деген сөзі оның өмірлік қағидасының айқын көрінісі.

Бүгін біз **Ғимран Бимұханұлы Серғазиевтің** өмір жолына тоқталамыз. Ол Атырау қаласының тумасы. Өзінің жары Сұлушашпен бірге 27 жыл отау құрып, Әбу мен Серғазы атты екі ұл тәрбиелеп, бүгінде үш немеренің қызығына бөленіп отырған отбасы иесі.

Мамандық жолына түсудегі алғашқы қадамы «Қалалық кәсіптік-техникалық училище» базасындағы 101-училищеде 3 жыл білім алып, электромонтер мамандығын меңгерумен басталған. Оқу кезінде «Атырау Жарық», «Нан зауыты» сияқты өндірістік мекемелерде элеватор және химмонтаж жұмыстарын атқарып, практикалық тәжірибесін сол жерде шыңдаған.

Атырау мұнай өңдеу зауытына 1987 жылдың тамыз айында келіп, өндіріс



ошағымен танысады. Ол еңбек жолының оңай болмағанын айтады. Қызмет барысында трансформаторлық станцияларды аралап, қондырғыларды тексеру сынды жұмыстарды еңсеріпті. Талай сынақтарды жеңіп, кәсіби жетілуіне ағасындай болған әріптесі Досмағұл Амандықовтың қолдауы айрықша рөл атқарған. Ұстазының әр кеңесін жүрегіне түйіп, бойына сіңірген ол тәжірибені кейінгі буынға жеткізуді өзіне міндет санайды. Кейіпкеріміз, Тимур Досмаилов, Кайрат Курманалиев және

Асет Абдиев атты шәкірттеріне бағыт-бағдар беріп, зауытта кәсіби жетілуіне ықпал еткен.

«2008 жылы зауытқа жабдықтар жөніндегі электромонтер болып жұмысқа қабылдандым. Сол уақытта бөлім басшысы мені Ғимран ағаның қарамағына, электр жөндеу шеберханасына орналастырды. Ол кезде тәжірибесі аз жас маман едім. Ғимран ағамыздың қасында екі жыл жүріп, электрқозғалтқыштарды жөндеу бағытында мол тәжірибе жинадым. Бүгінде электр цех бастығының орынбасары қызметін атқарып келемін. Кәсіби тұрғыда шыңдалып, тәжірибемнің қалыптасуына Ғимран ағаның берген тәлімі үлкен үлес қосты. Өз ісінің нағыз шебері болған оны әрдайым ұстаз ретінде үлгі тұтамын», – дейді шәкірті **Кайрат Курманалиев**.

Бүгінде Ғимран Бимұханұлы №6 электр цехында 6-разрядты электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электромонтер. Оның қызметінің ауқымы кең: трансформаторлық станцияларға қызмет көрсету, ревизия жасау, қозғалтқыштардың дыбысын тыңдап ақауларды анықтау, су блок нысандарындағы электр жабдықтарын тексеру және басқа да міндеттер оның күнделікті жұмысының ажырамас бөлігі.

«Кеңе ұлым Серғазы қандай жұмыс болмасын атсалысып, көмектесуге әрдайым дайын тұрады. Менің жолымды қууды мақсат етіп, электр мамандығы бойынша жоғары оқу орталығына түсті. Зауытта қызмет етуді жоспарлап

отыр. Онымен қатарлас жас мамандар өндірісте қара жұмыстың ауырлығын сезеді. Бұл жолды таңдағандар қолдауға лайық», – дейді электромонтер.

Ол жұмысын істей жүріп, зауыттағы спорттық сайыстардан шет қалмады. Салмақ тас көтеру, арқан тарту сайыстарына белсенді қатысып, жүлделі орындарды еншілеп жүр. Спортқа қызығушылығы Омбы қаласындағы әскери бөлімде оянып, Леонид есімді аға командирдің жаттықтыруымен шыдамдылықты үйренген. Тіпті командирінің «Ты потом за это спасибо скажешь!» деген қалжың сөзі Ғимранның есінде ерекше сақталған. Сол ережелердің зауыттағы сайыста пайдасын тигізгенін айтып, командиріне алғыс айтты.

Көп жылғы қажырлы еңбегінің нәтижесінде Ғимран көптеген марапаттарға ие болды. ҚР Энергетика министрлігінің медалі, Қазақстан мұнайына 120 жыл мерекелік медалі, сондай-ақ зауыттың 70 және 80 жылдық мерейтойлық медальдары оның кеудесінде жарқырап тұр.

Қорытындылай келе, бір сәт ойлап көріңізші: қозғалтқыштағы сықыр немесе діріл елеусіз қалса, оның салдары тұтас өндірістің тоқтауына және миллиондаған шығынға әкелер еді. Еңбекке адалдығын сұхбат берердегі «қондырғыдан асығыс келе жатырмын» деген алғашқы сөзінен байқадым. Мұндай мамандардың еңбегі әркез бағалы, ал жас мамандар үшін үлгі.

ЧЕЛОВЕК ЭПОХИ

Голос, который не стареет

К Вартану Арменаковичу Шахмеликяну я поехала, чтобы поговорить, послушать, увидеть, как живёт один из старейших работников Атырауского нефтеперерабатывающего завода. Проводниками в эту встречу стали Мусавара Гумерова и Надежда Силина: между ними и Вартаном Арменаковичем – десятилетия дружбы, уважения и настоящей человеческой теплоты.

Мы вошли в дом с тихим смехом, лёгкими шутками. Мусавара Шаяхметовна передала привет от Нади Тарабриной и Валерия Сергеевича – в их поколении такое внимание всегда было знаком искреннего уважения.

Надежда Александровна улыбнулась:

– Самый красивый мужчина нашей лаборатории.

И это правда. Вартан Арменакович встретил нас так, будто время и возраст над ним не властны. Прямой, уверенный, в пиджаке и парадных брюках. Седые волосы аккуратно зачесаны назад. Взгляд ясный, открытый. В уголках глаз лёгкий лукавый прищур. Голос у него мягкий, бархатный, удивительно ровный. Ни хрипотцы, ни усталости. Слушаешь – и кажется, что перед тобой человек в расцвете сил, а не в свои 94.

Мусавара Шаяхметовна и Вартан Арменакович тепло обнялись, будто родные люди. Она принесла гостинцы, заботливо усадила его поудобнее. Он благодарил тихим смущённым голосом – и в этой дружеской заботе было больше нежности, чем в самых длинных речах.

«1 ИЮНЯ 1950 ГОДА...»

Эта дата – как новая глава его жизни. Тогда, в начале лета, Вартан впервые пришёл на завод в контрольный отдел центральной заводской лаборатории.

– Уехою в здание лаборатории встретила Пеласея Фёдоровна Попова, – вспоминает он. – Стоит с палкой и гоняет всех обувь чистить, чтобы грязь в лабораторию не таскали.

Образования у Шахмеликяна почти не было – 5 классов в общей сложности, но в г. Гурьеве судьба подвела его к единственному набору ремесленного училища №9 по специальности лаборанта-химика.

– Учитель у нас был настоящей профессор, – вспоминает он с уважением и благодарностью.

Так Вартан Шахмеликян и вошёл в профессию: сначала лаборантом в контрольный отдел, потом машинистом моторного испытания топлива в моторный.

– На заводе тогда работали специалисты и рабочие со всех уголков Союза, много депортированных немцев, болгар, татар, – говорит он. – В лаборатории работали химики из Грозного и Баку. Ведь именно там были сильные нефтяные школы, опытные лаборанты. Они и передавали знания местным кадрам на новом заводе.

Это было поколение, которое училось «с нуля», но тянулось к делу с удивительной самоотдачей.

– Работа была сложная. Мы вручную определяли качество бензина и солянки. В 50-е выпускали два сорта авиационного бензина, сортность определяли «на слух», – рассказывает он. – Все анализы – разгонки, вязкость, застывание – проводились вручную. Аппаратуры тогда почти никакой не было.

Неоднократно Вартан Арменакович был премирован за добросовестное выполнение обязанностей и готовность выйти на работу в любое время, когда того требовало производство.

К 25-летию завода в «Прикаспийской коммуне» вышла статья директора ГНПЗ, как тогда назывался завод, Александра Ивановича Маслова «Четверть века в строю». Среди лучших работников был назван и Вартан Арменакович Шахмеликян.

Он отдал заводу 43 года своей жизни, и в 1993 году вышел на пенсионное обеспечение.



ЖИЗНЬ – КАК КНИГА

Его семейная история – почти роман. В 1915 году дедушка и бабушка по отцу бежали из Турции в Керчь. Уже потом, в Крыму, родители Вартана познакомились, поженились и создали семью. Там родились он, братья и сестра. Семья жила в селе Фёдоровка Джанкойского района. Отец был председателем колхоза.

Когда началась Великая Отечественная война, отца забрали на фронт. В 1944-м мать с детьми депортировали в Свердловскую область, а бабушку, деда и братьев отца – в г. Гурьев, в Казахстан.

С фронта отец вернулся в Туринск, город в Свердловской области, где обосновалась семья, тяжело раненным, без ноги. После войны, в 1948 году, собрав силы, он перевёз сначала двух сыновей в Гурьев, а чуть позже – жену и остальных детей.

– В Туринске трудно было, холодно под сорок градусов, а обувь деревянная. Ели мы крапиву и отруби. Мне приходилось покупать в деревне спички и кедровые орешки, а потом продавать их в городе, чтобы помогать маме кормить семью, чтобы выживать. Конечно, Гурьев нам раем показался, – вспоминает Вартан Арменакович. – Река, тёплый воздух, на базаре рыба на любой вкус, ешь – не хочу. Мы на Кустанайской поселились, посадили огород, свои овощи – огурцы, баклажаны, перцы болгарские... Всё стало совсем иначе.

И с прошлой жизнью в Свердловской области судьба связала его только одной историей, словно из фильма.

– Однажды меня вызвал директор завода Владимир Викторович Гафнер через своего секретаря и спрашивает: «Поедешь, Вартан, в Сочи в санаторий по путёвке?» Поеду, конечно, у меня там сестры, родня, отвечаю. Поселились мы в одном номере. Он не пьющий, а я на отдыхе позволял себе немного, – улыбается Вартан Арменакович. – И там, за разговором, выяснилось, что наши семьи почти соседями были ещё в Свердловской области. В Туринске рядом с нами жила семья Виктора Гафнера, отца Владимира.

– И Владимир тоже. Именно там он встретил свою супругу Тамару, они вместе учились в Нижнем Тагиле, – подключилась к разговору Мусавара Гумерова. – Я книгу о нём в институт отвозила, её там с радостью приняли.

Шестьдесят лет Вартан Арменакович прожил на улице Кустанайской. Там он встретил свою супругу Евгению Пономарёву. Некоторое время она тоже работала здесь, на заводе. А затем окончила техникум и стала инженером по технике безопасности в АНУ. Евгению Павловну давно нет в живых, один из сыновей тоже ушёл. Братья и сестра вернулись на историческую родину. Здесь похоронены родители и один из братьев.

У Вартана Арменаковича абсолютная память и ясный, трезвый ум: кажется, он хранит в голове це-



лую эпоху. Он называет улицы старыми именами, вспоминает, где стояли давно снесённые здания, перечисляет имена друзей и коллег, годы их рождения – и всё это с поразительной точностью. Сколько же историй в этой голове! Истории молодой, задорной жизни, о приключениях, шалостях и первых успехах. Когда Вартан Арменакович рассказывает, смеётся звонко и искренне, и невозможно поверить, что ему уже больше девяносто, кажется, время к нему просто не прикоснулось.

– Раньше утки много было, – хитро шурится он. – Мы с братом пошли охотиться за подхостом. Сумерки, идём мимо мясокомбината... И вдруг с высокого забора прямо под ноги нам падает мешок. Тяжёлый, тёплый. Поцупали. Колбаса! Горячая, только сделанная. Я брату и говорю: «Ну и зачем мне утки?».

От его историй мы смеемся вслух, до слёз. Ни одной грустной истории, трагичных тонов. Даже про военные годы в Джанкое он рассказывает легко:

– До 1944-го, пока нас не депортировали, в наше село то немцы заходили, то наши, даже румыны были. Румыны и наши не стеснялись, курам головы без спроса рубили и варили себе суп.

Румыны особенно отличались, они забирали последнее – без стеснения и без жалости. Вартан Арменакович, вспоминая это, лишь улыбается. Авантюрный характер, дерзкий, смелый, чуть лихой, не раз выручал его в голодные годы. Благодаря ему семья оставалась на плаву, а в доме появлялась еда. Вот и тот случай был таким.

– В отместку за их жадность, стащил я у румын банку мёда. Меня заметили. Сколько мне тогда было? Лет 10-11... Пришлось бежать со всех ног по пыльной дороге, а румыны падали вслед автоматной очередью. Еле ноги унёс. После этого десять дней в своём селе не показывался... Немцы, на удивление, просили яйца, молоко, за это платили марками, я ими играл, куда их ещё девать было?! Но и другое помню, как расстреливали они людей, я был тому свидетелем, – он замолкает, задумывается о чём-то и вдруг говорит: – Жизнь хорошая была, интересная... но долгая.

Но в голосе Вартана Шахмеликяна звучит не грусть, а мудрость.

Будьте здоровы, Вартан Арменакович, и живите столько, сколько вам хочется!

С днём рождения!

КОНТРОЛЬНЫЙ ПЕРИОД

Месячник транспортной безопасности на АНПЗ

С 15 ноября по 15 декабря 2025 года на АНПЗ проходит месячник транспортной безопасности, организованный службой БиОТ. Его цель – обеспечить готовность техники к осенне-зимнему периоду, повысить эффективность действующей системы безопасности и предотвратить возможные нарушения в сфере транспортной эксплуатации.

В течение месяца особое внимание будет уделено: соблюдению скоростного режима и правил парковки, использованию ремней безопасности, своевременной замене шин, безопасной перевозке грузов, техническому состоянию транспорта и актуальности документации.

Сотрудников завода и подрядных организаций призывают активно участвовать в мероприятии. О случаях нарушений транспортной безопасности или с предложениями для улучшения работы транспорта можно звонить по телефону 25-99-74.

МАҢЫЗЫ БАР

Өрт гидранты – Атырау МӨЗ тарихындағы бірегей экспонат

Су тазарту құрылғылары мен өнеркәсіптік кәріз цехының аумағына қойылған өрт гидранты – қарапайым инженерлік құрылғыдан гөрі әлдеқайда тарихи құндылыққа ие техникалық жәдігер. 1902 жылы АҚШ-та, Нью-Джерси штатында жасалған бұл гидрант ХХ ғасыр басындағы өрт қауіпсіздігі инженериясының классикалық үлгісі саналған.



Гидранттың корпусындағы «N.J.» белгісі оның АҚШ-та жасалғанын көрсетсе, ал «PAT. FEB. 25» жазуы патенттелген күнін білдіреді.

1945-1960 жылдары зауытта шетелдік мамандардың қатысуымен бірқатар жаңа қондырғылар іске қосылып, өртүрлі технологиялық жабдықтар жеткізілді. Сол кезде өрт гидранты да АМӨЗ-ге әкелініп, ұзақ жылдар бойы механикалық тазарту құрылғысында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бөлшек ретінде пайдаланылды. Қызмет көрсету мерзімі аяқталған соң гидрант демонтаждалып, цех аумағында сақталған.

2025 жылы гидрант реставрациядан өтіп, кәсіпорынның 80 жылдығы аясында қайта жаңғыртылған «Тарих және еңбек даңқы» залына қойылды.

1902 жылғы гидрант Қазақстандағы ең көне және сирек кездесетін өрт қауіпсіздігі элементтерінің бірі. Су тазарту құрылғылары мен өнеркәсіптік кәріз цехы оны тарихтың ажырамас бөлігі ретінде сақтап, келешек мамандарға өнеге ретінде ұсынады.

«Алға, әке!»

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Арқан тарту қорытындысы: I орын – Хош иісті көмірсутектер өндірісі; II орын – Гидрогенизациялық процестер өндірісі; III орын – Мұнайды терең өңдеу өндірісі.

«AMÖЗ» ЖШС Бас директордың жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан Нақпаев қатысушыларды құттықтап, спорттық шараның маңыздылығын атап өтті.



ЖҮЛДЕГЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Атырау мұнай өңдеу зауытының қызметкерлері арасында турнир өтті. Спорттық шара мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне орай ұйымдастырылды.

Турнирде жүлделі болғандар 15 қарашада зауыт ұйымдастыруымен өткен марафон кезінде салтанатты түрде марапатталды. Жеңімпаздарға дипломдар, кубоктар, медальдар және қаржылай сыйақы табысталды.

Турнир нәтижесі

Волейбол (ерлер): I орын – Мұнай өңдеу және терең күкіртсіздендіру өндірісі; II орын – Мұнайды терең өңдеу өндірісі; III орын – Хош иісті көмірсутектер өндірісі.

Волейбол (әйелдер): I орын – орталық зауыт зертханасы – сынақ орталығы; II орын – зауыт басқармасы, орталық аппарат; III орын – Жылу және электр энергиясы өндірісі.

Футзал: I орын – Гидрогенизациялық процестер өндірісі; II орын – зауыт басқармасы – орталық аппарат; III орын – Мұнайды терең өңдеу өндірісі.

Баскетбол: I орын – Кокс және күкірт өндірісі; II орын – Мұнай өңдеу және терең күкіртсіздендіру өндірісі; III орын – электр цехы.

Жасампаз еңбектің жарқын үлгісін көрсетіп, зауыттың спорт саласына үлес қосқан қызметкерлерді құттықтай отырып, кәсіптеріне жеміс тілейміз. Алдағы уақытта мұнай өңдеушілер биік асуларды бағындырып, жаңа белестерден көрінуіне тілектеспіз.

«Зауытымыз тек өндірістік жетістіктерімен ғана емес, салауатты өмір салтын қолдаумен, ұжымдық рухты нығайтумен ерекшеленетін іргелі кәсіпорын. Біздің әріптестеріміздің кәсіби біліктілігімен қатар, спортқа деген ықыласы, белсенді өмірлік ұстанымы әрдайым жоғары деңгейде», – деді С. Нақпаев.

Жеңімпаздар не дейді?

«Жүгіру – менің өмірімнің бір бөлігі. Оны тек әуесқойлықпен емес, жүрегіммен, кәсіби деңгейде сүйемін. Әр жетістік – еңбек пен ұзақ дайындықтың нәтижесі. Зауыт сенімін ақтап жеңіске жеткеніме қуаныштымын», – деп ойымен бөлісті Марина Яшкова.

«Кәсіпорында 18 жылдан астам уақыт қызмет етіп келемін. Зауыттағы спорттық белсенділігім жоғары, әр жылы бірінші орынды қолдан жібермей келемін. Бүгін арнайы плакаттарымен келген Айзере, Әмина қыздарымның қолдауы ынталанды арттырып, сенімділік берді. Олардың үмітін ақтап, алдыңғы легте болғанымға қуаныштымын», – деп әсерімен бөлісті Асылбек Темешев.

Жеңіл атлеттерге демалыс орталығына абонементтік жолдама, ал арқан тартудан жеңімпаздарға қаржылай сыйақы үлестірілді. Жеңіс тұғырынан көрінген зауыттықтарды жеңістерімен құттықтаймыз!



КОНКУРСЫ

«Мы выросли рядом с заводом. И для нас это навсегда»

Семья заводчан стала победителем областного этапа конкурса «Еңбек жолы»

На Атырауском нефтеперерабатывающем заводе трудятся десятки семейных династий, и история Шандиевых, о которых мы не раз писали в корпоративной газете, занимает в этом списке особое место. Три поколения семьи связали судьбу с заводом, а их общий трудовой стаж – 186 лет.



ную – всё, что окружало нас с детства. Тогда и решила, почему бы и нам не попробовать представить наш любимый АНПЗ, – рассказывает Нургуль.

Родные поддержали её без колебаний, ведь вся семья очень трепетно относится к своей заводской истории. После семейного обсуждения Нургуль собрала необходимые документы, подтверждающие общий стаж трёх поколений, и принялась за подготовку презентационного ролика.

– Я хотела, чтобы это была не просто история из цифр и фактов, а настоящая живая память о людях, которые строили завод, о нашей семье, – говорит она.

В ролике история Шандиевых звучит через судьбу самой Нургуль, которая с детства знала, где находится заводская проходная, и каждый день видела, как туда уходят её близкие.

Перед выходом на республиканский уровень семья прошла городской и областной этапы. И на обоих стала победителем, завоевав номинацию «Лучшая трудовая династия».

– Мне наша презентация очень нравилась, но победы мы не ожидали, – признаётся Нургуль. – А когда сообщили результаты областного этапа, мы все радовались, как дети. Это была победа не только семьи, но и всего завода.

30 октября состоялось торжественное вручение благодарственного письма от акима области Серика Шапкенова. Тем временем все материалы отобранных династий направили в министерство труда и социальной защиты населения.

И вот Нургуль получила письмо-приглашение в Астану на финальный этап – церемонию награждения победителей республиканского конкурса, который пройдет в декабре в конгресс-холле.

– Известно, что всего будет девять победителей, но имена пока не раскрывают. Конечно, мы надеемся попасть в их число. Главное уже сделано: о нашем заводе, о нашей семье, о нашем труде узнали люди по всей стране. Благодарю всех, кто нас поддерживал, – говорит Нургуль.

Желаем удачи и новой победы нашим коллегам и их семье!

Начало семейной истории восходит к 1953 году, когда на завод №441 (так тогда назывался АНПЗ) пришёл Ергали Шандиев. Сначала он работал в военизированной пожарной охране, затем оператором в первом цеху, а его супруга Кадиша посвятила предприятию более двадцати лет.

Представители этой династии в разные годы трудились на заводе: Шандиевы – Болат, Аманжол, Гульбарша, Гульбагит, Илан, Галимжан, Асылбек Урынбаев. Сегодня семейные традиции с тем же духом преданности и любви к заводу продолжают оператор пульты ЭЛОУ АВТ-3 Артур и машинист КУ ГУБД Тимур Шандиевы, электросварщик РМЦ Роберт Медекешов и инженер департамента маркетинга и грузовых перевозок Нургуль Сагинбаева.

Именно она стала объединяющей фигурой династии и вдохнула новую жизнь в семейную историю, став инициатором участия в республиканском конкурсе «Еңбек жолы», посвященном Году рабочих профессий.

– Информация о конкурсе пришла всему коллективу на Outlook. Мы с коллегами стали вспоминать заводские династии, и я вдруг подумала: а ведь моя семья – часть той самой истории. Мои бабушка и дедушка жили рядом с заводом, я выросла в их доме. Помню старые гурьевские улочки, автобусы, заводскую проход-